

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 28 қазандағы № 366-V ҚРЗ

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат) :

1 ) 4 4 - б а п т а :

5-1-тармақтағы «(немесе шағын ауылдық елді мекендердің бас жоспарын алмастыратын өзге де жобалау құжаттамасына)» деген сөздер «(немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және құрылыс салудың оларды алмастыратын схемасына)» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 5-3-тармақпен толықтырылсын:

«5-3. Жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін жер учаскелерін беруге су және электрмен жабдықтау желілерімен қамтамасыз етілген алаңдарда жол беріледі.

Орталықтандырылған сумен жабдықталмаған елді мекендерде мұндай жер учаскелерін беруге тек электрмен жабдықтау желілері болған кезде ғана жол беріледі.»;

2 ) 4 4 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасындағы «және инженерлік желілерге косылуға

қойылатын техникалық талаптарды» деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтың жетінші бөлігіндегі «мен инженерлік желілерге қосылуға қойылатын техникалық талаптар» деген сөздер алып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі «және инженерлік желілер мен құрылыстарға қосылуға қойылатын техникалық талаптар» деген сөздер алып тасталсын;

он төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте тұрғындарының есептік саны жиырма мың адамнан асатын елді мекеннің бекітілген бас жоспарлары және тұрғындарының саны жиырма мың адамға дейінгі елді мекеннің егжей-тегжейлі жоспарымен біріктірілген бас жоспарлары (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және құрылыс салудың оларды алмастыратын схемасы) негізінде орындалған егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары және (немесе) құрылыс жобалары болмаса, жер учаскелерін құрылыс үшін беруге тыйым салынады.»;

3) 48-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) осы Кодекстің 71-бабына сәйкес құрылыс салу мақсаты үшін бұрын жеке және заңды тұлғалар іздестіру жұмыстарын жүргізген аумақтарда үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) салу үшін, егер олар егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес жоспарланған құрылыс шеңберінде бұрын үшінші тұлғаларға тиесілі болған жер учаскелеріне меншік құқығын сатып алған жағдайда жеке және заңды тұлғаларға ; » ;

4) 49-1-баптың 6-тармағындағы «, ал қажет болған кезде инженерлік желілерге қосудың техникалық шарттары туралы» деген сөздер алып тасталсын;

5) 71-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бұл ретте құрылыс салу мақсаты үшін іздестіру жұмыстары мемлекеттік меншікке жататын жерлерде жобаланып отырған құрылыс объектісінің Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы жобаларына (бас жоспарға, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларына) сәйкес келген жағдайда жер учаскесіне құқық берілмей жүргізіледі.».

2. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2

, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат):

125-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Келісу тәртібі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес бекітілген, құрылыс саласында құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында айқындалады.»

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат) :

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 317-1, 317-2 және 323-1-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«317-1-бап. Аккредиттелген заңды тұлғалардың инжинирингтік қызмет көрсетулерді (техникалық қадағалау мен жобаны басқару) және сараптамалық жұмыстарды (жобаларға сараптама жүргізу және ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау) жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы

317-2-бап. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамасы мен өзге де нормативтік және нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұза отырып жобалау және құрылыс процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау»;

«323-1-бап. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасын бұзу»;

2) 317 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

«3-1. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын тұлғалардың бекітілген құрылыс нормаларының талаптарын бұза отырып орындалған және ғимараттар, құрылыстардың, олардың бөліктерінің немесе жекелеген конструкциялық элементтерінің пайдалану сапасын нашарлатуға, олардың беріктігін, орнықтылығын төмендетуге әкеп соғуы мүмкін дұрыс емес деректерді қамтитын қорытынды беруі –

ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыру құқығына сарапшы аттестатының қолданылуын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

төртінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік

жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік)

– » ;

3) мынадай мазмұндағы 317-1 және 317-2-баптармен толықтырылсын:  
«317-1-бап. Аккредиттелген заңды тұлғалардың инжинирингтік қызмет көрсетулерді (техникалық қадағалау және жобаны басқару) және сараптамалық жұмыстарды (жобаларға сараптама жүргізу және ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау) жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы

1. Құрамында аттестатталған сарапшылары бар заңды тұлғалардың инжинирингтік қызмет көрсетулерді (техникалық қадағалауды және жобаны басқаруды) және сараптамалық жұмыстарды (жобаларға сараптама жүргізуді және ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және өзге де нормативтік және нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын бұза отырып жүзеге асыруы, оның ішінде:

1) орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының бекітілген жобалық шешімдерге сәйкес келмеуі;

2) тұрғызылатын не тұрғызылған объектілердің орнықтылығын, сенімділігін және беріктігін қамтамасыз етпейтін жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамаға сараптаманың (сараптамалық бағаның) оң қорытындысын беру;

3) орындалған жұмыстың сапасын, мерзімін, қабылдап алынуын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, жобаны іске асыру сатысындағы бұзушылық;

4) ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша бекітілген құрылыс нормаларының талаптарын бұза отырып орындалған және ғимараттардың, құрылыстардың, олардың бөліктерінің немесе жекелеген конструкциялық элементтерінің пайдалану сапасын нашарлатуға, олардың беріктігін, орнықтылығын төмендетуге әкеп соғуы мүмкін дұрыс емес деректерді қамтитын қорытынды беру;

5) аккредиттелген заңды тұлғалардың біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі – заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – аккредиттеу туралы куәлігінен айыра отырып, заңды тұлғаларға жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

317-2-бап. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамасы мен өзге де нормативтік және нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұза отырып жобалау және құрылыс процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау

1. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамасы мен өзге де нормативтік және нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын бұза отырып жобалау және құрылыс процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау –

заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – аккредиттеу туралы куәлігінен айыра отырып, заңды тұлғаларға жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 322-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қолданыстағы ғимараттардағы тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сәулет-құрылыс жобасынсыз және жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің тиісті шешімінсіз заңсыз қайта жабдықтау және қайта жоспарлау – жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – тоқсан, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Ғимараттардың беріктігінің және орнықтылығының толық жойылуына (қирауына ) әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін дәл сол әрекеттер – жеке тұлғаларға – сексен, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз сексен, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

5) мынадай мазмұндағы 323-1-баппен толықтырылсын:

«323-1-бап. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасын бұзу

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасына, құрылыс қызметін жүзеге асыруға, оның ішінде құрылыс сапасына әсер ететін, өздеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген талаптарын орындамауы немесе тиісінше орындамауы – лауазымды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – лауазымды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . » ;

б) 684-баптың бірінші бөлігі «317 (төртінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «317-1 (екінші бөлігінде), 317-2 (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;  
7 ) 7 1 8 - б а п т а :  
б і р і н ш і б ө л і г і н д е :  
«317 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «317 (бірінші, екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;  
«318» деген санның алдынан «317-1 (бірінші бөлігінде), 317-2 (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

«1-1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 323-1-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.» ;

8) 804-баптың бірінші бөлігінде:

21) тармақша «317 (төртінші бөлігі),» деген сөздерден кейін «317-1 (екінші бөлігі), «317-2 (екінші бөлігі),» деген сөздермен толықтырылсын;

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«34) заңнамаға сәйкес лицензиарлар немесе екінші санаттағы рұқсат беруге уәкілетті болып табылатын органдар (312 (екінші бөлігі), 313, 314, 316 (екінші бөлігі), 319, 392 (үшінші бөлігі), 462, 463, 464 (екінші бөлігі), 465, 467, 621 (үшінші бөлігі)-баптар; )» .

4. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағының 4-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«4-2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган

бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әзірленген жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту;»;

2 ) 27 - б а п т а :

1-тармақтың 33) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«33) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілеті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әзірленген жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын әзірлейді және мәслихатқа бекітуге ұсынады;»;

1 - 3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н .

5. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган», «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның», «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен», «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды» деген сөздер тиісінше «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган», «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның», «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның», «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен», «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) агломерация – бір немесе бірнеше ірі қалалар – орталықтардың айналасына орналасқан, күнделікті еңбек, өндірістік, әлеуметтік-мәдени және өзге де байланыстары, сондай-ақ бір-бірімен аумақтық бірігу үрдістері бар урбандалған елді мекендердің ж е р г і л і к т і ж ү й е с і ; » ;

4-1) тармақшаның үшінші абзацындағы «бұрыннан бар (пайдаланылатын)» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 16-3) және 18-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«16-3) жобаны басқару – салынған бюджет пен мерзімдер шеңберінде инвестициялық жобаның мақсаттарына жету үшін тапсырыс берушімен не инвестормен жасалған шарттарға сәйкес объектілерді жобалауды, құрылысын салуды және оларды пайдалануға беруді ұйымдастыру, жоспарлау, үйлестіру, бақылау ж ө н і н д е г і қ ы з м е т ; » ;

«18-2) инженер-техник жұмыскер – орташа кәсіптік немесе жоғары білімі бар, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы өндірістік процесті ұйымдастыруды және оған басшылық жасауды жүзеге асыратын жеке тұлға;»;

32) тармақшаның тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«технологиялық жабдықты жинауды және тұрақты пайдаланатын жерде жобалық жағдайға орнатуды, жеке сынауды және жүктемемен сынауды, сондай-ақ бөлшектеуді қоса алғанда, оны монтаждауды қамтиды;»;

мынадай мазмұндағы 35-1), 35-2), 35-3) және 40-1) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«35-1) құрылыстағы баға белгілеу – құрылыс өнімінің құнын қалыптастыру тетігі;

35-2) Құрылыстағы жаңа технологиялардың бірыңғай мемлекеттік тізілімі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қалыптастырылатын, сметалық-нормативтік базада олар бойынша нормалар жоқ, Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілері енгізген жаңа тиімді құрылыс өндірісі технологияларының тізбесі;

35-3) құрылыстың сметалық құны – сомасы жобалау материалдары мен сметалық-нормативтік база негізінде айқындалатын, объектінің құрылысын жүзеге а с ы р у ү ш і н қ а ж е т т і а қ ш а ; » ;

«40-1) Объектілерді салуға арналған жобалау алдындағы және жобалау ( жобалау-сметалық) құжаттамасының бірыңғай мемлекеттік электрондық банкі – мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген, объектілердің құрылысын салуға арналған электрондық жеткізгіштердегі жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) қ ұ ж а т т а м а с ы ; » ;

44-2) тармақша алып тасталсын;

49) тармақшаның екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте тапсырыс беруші (құрылыс салушы, инвестор) ұсынатын нобайларға ( нобайлық жобаларға) сәйкес түсі жөніндегі шешім мен ғимараттардың ( құрылыстардың) қасбеттерін әрлеу материалдарын пайдалану, көлемдік-кеңістіктегі шешім бойынша талаптар белгілеуге жол беріледі;»;

50) тармақша «(техникалық және авторлық қадағалау» деген сөздерден кейін «, жобаны басқару» деген сөздермен толықтырылсын;



мынадай мазмұндағы 56-1), 56-2) және 61-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«56-1) сметалық нормалар – қабылданған құрылыс, монтаждау және басқа да жұмыстар өлшеміне белгіленген ресурстар (құрылыс жұмыскерлері еңбегінің, құрылыс машиналарының жұмыс уақытының жұмсалуды, материалдарға, бұйымдарға және конструкцияларға қажеттілік) жиынтығы;

56-2) сметалық-нормативтік база – материалдарға, бұйымдарға және жабдықтарға арналған сметалық нормалар мен сметалық бағалар жинағы;»;

«61-1) үйлер мен ғимараттардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау – сараптама жұмыстарының нәтижесінде үйлер мен ғимараттардың және олардың элементтерінің нақты жай-күйі, үйлер мен ғимараттардың сенімділігі және орнықтылығы, оларды кейіннен пайдалану мүмкіндігі, объектідегі күрделі жөндеу жұмыстарының құрамы мен көлемін, оларды жаңғырту және реконструкциялауды, сондай-ақ нысаналы мақсатындағы өзгерісті анықтау үшін уақытында болатын өзгерістерді ескере отырып, конструкциялар сапасының нақты көрсеткіштерінің сандық бағалауын алу айқындалатын сараптама жұмыстарының түрі;»;

3) 6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) агломерациялар аумақтары;»;

4) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Жер учаскелерін пайдалану кезінде қала құрылысы талаптарын қ а м т а м а с ы з е т у

Меншік иелері не жер пайдаланушылар жер учаскелерін құрылыс салу үшін (коммуникацияларды жүргізу, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру, көгалдандыру және учаскені жайғастырудың басқа да түрлерін қоса алғанда) пайдалануды тек қана Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасына сәйкес және нысаналы мақсатын немесе сервитутты, аумақты аймақтарға бөлуді, қызыл сызықтарды және құрылыс салуды реттеу сызықтарын, құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту және оны пайдалану қағидаларын сақтай отырып жүзеге асыра а л а д ы . » ;

5) 17-баптың 1-тармағының 12) тармақшасындағы «заң актілерінде» деген сөздер «заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 19 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) орталық атқарушы органдарға аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын ә з і р л е у д і т а п с ы р а д ы ;

3-2) аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын бекітеді;

3-3) аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеу және келісу қағидаларын б е к і т е д і ; » ;

5) тармақшадағы «облыстардың аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың

кешенді схемаларын,» деген сөздер алып тасталсын;  
7 ) 20 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-3) және 1-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-3) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілердің құрылысы саласындағы баға белгілеу және экономика бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;

1-4) аумақты дамытудың өңірлік схемаларын әзірлеу және келісу;»;

6-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-2), 6-3), 6-4), 6-5), 6-6) және 6-7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-2) құрылыстағы баға белгілеу мен сметалық нормалар бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту;

6-3) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілер құрылысының құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

6-4) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылысына жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының Бірыңғай мемлекеттік электрондық банкін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

6-5) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылысына жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының Бірыңғай мемлекеттік электрондық банкін қалыптастыру;

6-6) Құрылыстағы жаңа технологиялардың бірыңғай мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және жүйелі түрде жаңартып отыру;

6-7) ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

8) тармақшадағы «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

11-2) және 11-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11-2) сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құру және кешенді ведомстводан тыс сараптамаға және қала құрылысы сараптамасына қатысу үшін мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11-3) қала құрылысы және құрылыс жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 11-8) және 11-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-8) барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11-9) объектілер құрылысы жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу;»;

20), 23-1), 23-4) және 23-10) тармақшалар алып тасталсын;

23-14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«23-14) құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 23-18), 23-19), 23-20), 23-21), 23-22), 23-23), 23-24), 23-25), 23-26), 23-27) және 23-28) тармақшалармен толықтырылсын:

«23-18) объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама , сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

23-19) жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын әзірлеу және бекіту;

23-20) жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау бойынша мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын әзірлеу және бекіту;

23-21) бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын әзірлеу және бекіту;

23-22) жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу;

23-23) бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу;

23-24) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

23-25) жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі аккредиттелген мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарының тізілімін жүргізу;

23-26) жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы аттестатталған инженер-техник жұмыскерлердің тізілімін жүргізу;

23-27) бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын аккредиттелген ұйымдардың тізілімін жүргізу;

23-28) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі аккредиттелген ұйымдардың тізілімін жүргізу;»;

8 ) 2 1 - б а п т а :

1) тармақшадағы «аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын,» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) аумақтарды абаттандыру және инженерлік жағынан қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй қорын, өзге де тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды сақтаудың және күтіп-ұстаудың қағидаларын бекіту;»;

9 ) 2 2 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қала әкімдігі ұсынатын қаланы абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;»;

1-1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қала мен қала маңы аймағын абаттандыру және инженерлік жағынан қамтамасыз етудің, сондай-ақ тұрғын үй қорын, өзге де тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды күтіп-ұстаудың қағидаларын бекіту кіреді.»;

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қала мен қала маңы аймағын абаттандыру және инженерлік жағынан қамтамасыз етудің, сондай-ақ тұрғын үй қорын, өзге де тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды күтіп-ұстаудың қағидаларын бекіту кіреді.»;

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

1 0 ) 2 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2-1) тармақшадағы «облыс аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларының жобаларын (облыстың аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

2-2) тармақшадағы «ведомстволық бағынысты, халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың аумақтарында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын» деген сөздер «ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірлік аумақтарында қала құрылысын дамытудың

кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын)» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-3) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) аумақтарды абаттандыру және инженерлік жағынан қамтамасыз етудің қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй қорын, өзге де тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау мен күтіп-ұстау қағидаларын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;»;

17) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

17-8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17-9) және 17-10) тармақшалармен толықтырылсын:

«17-9) жергілікті бюджет, сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын объектілердің және кешендердің құрылысының жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларын қарау және бекіту;

17-10) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу;»;

2-тармақ алып тасталсын;

11) 25-бапта:

1-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) ведомстволық бағынысты аумақтарды абаттандыру және инженерлік жағынан қамтамасыз етудің қалалық қағидаларын қалалық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;»;

18) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

18-8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 18-9) және 18-10) тармақшалармен толықтырылсын:

«18-9) жергілікті бюджет, сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын объектілердің және кешендердің құрылысының жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларын қарау және бекіту;

18-10) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу;»;

1-1-тармақтың 1), 2) және 2-1) тармақшалары алып тасталсын;

2 және 3-тармақтарда:

3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қала құрылысы құжаттамасын, сондай-ақ қала аумағын абаттандыру және инженерлік жағынан қамтамасыз ету қағидаларын осы Заңның 22-бабына сәйкес тиісті мәслихаттарға бекітуге ұсыну;»;

11) тармақшалардағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 26 - бапта:

13) тармақшадағы «бекіту және» деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) жергілікті бюджет, сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын объектілердің және кешендердің құрылысының жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларын қарау және бекіту;»;

14) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) мынадай мазмұндағы 27-4-баппен толықтырылсын:

«27-4-бап. Инженерлік ізденістер мен жобалау құжаттамаларының нәтижелеріне қойылатын талаптар

1. Инженерлік ізденістер нәтижелері дұрыс болуға және құрылыс объектісі параметрлерінің жобалық мәндерін және басқа жобалық сипаттамаларын, сондай-ақ оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жобаланған іс-шараларды белгілеу үшін қажетті көлемде орындалуға тиіс.

Инженерлік ізденістер нәтижелерінің құрамындағы есептік деректер инженерлік ізденістерді орындаушы адаммен негізделуге және объектінің құрылысы мен оны пайдалану процесінде олардың мәнінің өзгеруі туралы болжамды қамтуы тиіс.

2. Объект параметрлері жобалық мәндерінің және басқа да сипаттарының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жобаланған іс-шаралар осы Заңның және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы өзге де нормативтік және нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына жасалған сілтемелермен негізделуге тиіс.

Талаптар болмаған жағдайда, ғимараттар мен құрылыстардың жобалық мәндерінің және сипаттамаларының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жобалау іс-шаралары:

1) зерттеулер нәтижелері;

2) сертификатталған немесе сынамаланған өзге де әдістемелер тәсілдері бойынша орындалған есептер және (немесе) сынақтар;

3) қауіпті табиғи процестер мен құбылыстар және (немесе) техногендік әсерлердің

туындауын, оның ішінде қауіпті табиғи процестер мен құбылыстардың және (немесе) техногендік әсерлердің қолайсыз ұштасуы кезінде сценарийлерді модельдеу;

4) қауіпті табиғи процестер мен құбылыстардың және (немесе) техногендік әсерлердің туындау тәуекелдерін бағалау секілді бір немесе бірнеше тәсілдермен негізделуге тиіс.

Негіздеген кезде инженерлік ізденістердің нәтижелері ескерілуі тиіс.»;

14) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«28-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесі

1. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар жүйесінің қолданылуымен қамтамасыз етіледі.

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар жүйесі:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы субъектілердің қызметін ұйымдастыруға және өзара қарым-қатынастарын реттеуге қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді: мемлекеттік қала құрылысы нормативтері мен регламенттерін; объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды, олардың кешендерін, коммуникацияларды) жобалау және салу жөніндегі техникалық регламенттерді; мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау нормативтерін; құрылыстағы өзге де мемлекеттік бақылау органдарының ведомстволық нормативтерін;

құрылыста басшылыққа алынатын құжаттарды;

2) техникалық регламенттердің (ғимараттардың, құрылыстардың, олардың кешендерінің, коммуникациялардың) талаптарына сәйкес өнімдердің жекелеген түрлеріне және (немесе) олардың өмірлік цикл процестеріне қойылатын міндетті қауіпсіздік талаптарын белгілейтін нормативтік техникалық құжаттарды: құрылыс нормалары;

құрылыс нормалары және қағидалары (сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын қолдану мерзімімен қосарлас кезеңге қолданылу кезеңіне);

технологиялық карталар;

құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттар;

3) ерікті түрде қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттарды: жобалау және құрылыс салу жөніндегі қағидалар жинағын; нормативтік-техникалық оқу құралдары;

технологиялық жобалау нормалары;  
сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, өнеркәсіп саласындағы құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын стандарттау бойынша  
н о р м а т и в т і к қ ұ ж а т т а р д ы ;

техникалық регламенттердің және құрылыс нормаларының міндетті талаптарын дамытуға және қамтамасыз етуге тәжірибемен тексерілген ережелерді белгілейтін немесе міндетті нормалармен регламенттелмеген жекелеген дербес мәселелер бойынша оқу құралдары мен әдістемелік ұсыныстарды қамтиды.

3. Нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарға сәйкес қолданысқа енгізілген:

- 1) мемлекетаралық құрылыс нормаларын;
- 2) құрылыстағы мемлекетаралық стандарттарды;
- 3) жобалау және құрылыс жөніндегі қағидалардың мемлекетаралық жинағын  
қ а м т и д ы .

4 . М ы н а л а р :

- 1) қоныстандыру жүйелері, елді мекендер мен олардың бөліктері;
- 2) үйлердің, ғимараттардың және өзге де құрылыстардың, сондай-ақ жекелеген үй-жайлардың сәулеттік, технологиялық, инженерлік және құрылыстық бөліктері;
- 3) үйлердің, ғимараттардың және өзге де құрылыстардың инженерлік және (немесе) технологиялық ж а б д ы қ т а р ы ;
- 4) құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары;
- 5) қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзге де жобалау-сметалық құжаттамасы мемлекеттік нормалау объектілері болып табылады.

5. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттарды бекіткен мемлекеттік басқару органдары нормативтік талаптардың техникалық, экономикалық және әлеуметтік жағынан негізділігі мен олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

6. Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданылуын тоқтата тұру, күшін жою) тәртібін, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, аталған мәселелер құзыретіне кіретін басқа орталық атқарушы органдардың келісімі бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.»;

15) 29-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарға;»;

16) мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толықтырылсын:

«29-1-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогі

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогі:  
сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік құқықтық



актілер мен нормативтік техникалық құжаттар;  
кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың үлгілік жобалары және үлгілік  
ж о б а л ы қ ш е ш і м д е р і ;  
құрылыс конструкциялары мен бұйымдары;  
құрылыс материалдары;  
жұмыс жүргізу технологиялары;  
құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттар тізбесінің ақпараттық  
ж ү й е с і н б і л д і р е д і .

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогін қалыптастыру және оны жүргізу тәртібін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган а й қ ы н д а й д ы . » ;

17) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«30-бап. Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру р ә с і м д е р і н е н ө т у қағидалары

1. Елді мекендердің аумақтарында жергілікті жерлердегі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін реттейтін құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары қолданылады.

2. Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің жер учаскелерін пайдалануы, елді мекендер аумақтары мен қала маңындағы аймақтарды жобалауы және онда құрылыс салуы жөніндегі шарттар мен талаптарды айқындайды, жаңа жылжымайтын мүлік объектілерін орналастыруға және салуға, қазіргі барларын өзгертуге (қайта бейіндеуге, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға, реконструкциялауға, кеңейтуге, күрделі жөндеуге), жер учаскесінің нысаналы мақсатын, үй-жайлардың функционалдық мақсатын өзгертуге, жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға беруге рұқсат беру рәсімдерінен өту т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

3. Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары немесе оларға енгізілген өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін жобаларды келісу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұрын берілген рұқсат беру құжаттарында көрсетілген мерзім і ш і н д е қ о л д а н ы л а д ы .

Бұл ереже осының алдындағы қолданыстағы ережелерге жаңа талаптардың енгізілуіне байланысты адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіруді жоймайтын жағдайларда қолданылмайды.»;

18) 31-баптың 2-тармағы 2) тармақшасындағы «азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органды» деген сөздер «өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органды» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 31-1-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды заңсыз қайта жабдықтау және қайта жоспарлау анықталған кезде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары :

1) тапсырыс берушінің жол берілген бұзушылықтарды белгіленген мерзімдерде жоюы туралы ;

2) құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды ( нұсқама береді ). » ;

20) 32-бап мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

«2-1. Жобалау қызметіне және құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия алу үшін өтініш берген өтініш иелерінің және осы қызмет түрін жүзеге асыратын лицензиаттардың құрамында аттестатталған инженер-техник жұмыскерлер болуы тиіс.

Жобалау және құрылыс процесіне қатысушы аттестатталған инженер-техник жұмыскерлердің аталған қызмет түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдарда жұмысты қоса атқаруына жол берілмейді.

2-2. Өндірушілер не өзге де тұлғалар тиісті біліктіліктерін және (немесе) өкілеттіліктерін растайтын құжаттамаларға сәйкес технологиялық жабдықтарды монтаждау, іске қосу-жөндеу жұмыстарын «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензиясыз жүзеге асырады.»;

21) мынадай мазмұндағы 32-1-баппен толықтырылсын:

«32-1-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы аккредиттеу 1 . А к к р е д и т т е у г е :

жобалау және құрылыс процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттауды ;

бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлғалар жатады .

2. Жобалау және құрылыс процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі аккредиттелген аттестаттау орталықтары берілген аттестаттар туралы сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға айналыны а қ п а р а т ұ с ы н а д ы . » ;

22) 33-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Лауазымдық міндеттеріне бақылауды жүзеге асыру кіретін, сәулет, қала құрылысы, құрылыс істері және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысы, оның орынбасарлары

мен штаттық жұмыскерлері тиісінше – Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады.

Лауазымдық міндеттеріне құрылыстарды жедел инспекциялау кіретін, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың өздеріне ведомстволық бағынысты аумақтардағы объектілер құрылысының барысына және сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын органдарының басшылары, олардың орынбасарлары мен штаттық жұмыскерлері тиісінше, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік құрылыс инспекторлары, бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары және мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану құқығы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы мен оның орынбасарларына, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік құрылыс инспекторларына беріледі.»;

23) 34-1-бап мынадай мазмұндағы 7, 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

«7. Тиісті жауапкершілік деңгейіндегі техникалық қадағалауды орындау жөніндегі аттестатқа ие, құрамында кемінде үш сарапшысы бар аккредиттелген заңды тұлғалар бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерге техникалық қадағалауды жүргізуге тиіс.

Техникалық қадағалау сарапшысының аттестаты бар жеке тұлғалар қызметін екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілерде жүзеге асырады.

8. Жеке тұлғалар және аккредиттелген заңды тұлғалар техникалық қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде өздерінің меншік немесе жалға алу құқығында өлшем және бақылау құралдары, нормативтік құжаттары және аккредиттелген (тартылған) зертханасы болуы міндетті.

9. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеуді сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.»;

24) мынадай мазмұндағы 34-4-баппен толықтырылсын:

«34-4-бап. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау

1. Әртүрлі бағыттағы объектілердің құрылысы, сондай-ақ автомобиль жолдарын не салынған объектілерді жөндеу кезінде қажет болған жағдайда ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау жүзеге асырылады.

2. Тапсырыс беруші ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды сәулет, қала құрылысы және құрылыс

қызметі саласындағы инжинирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға құқық берілген тиісті аттестаты бар сарапшыларды шарт негізінде тарта отырып жүзеге асырады.

3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (тапсырыс берушілер) ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыру үшін бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыруға нарықтағы жұмыс істеп тұрған, құрамында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстарды ұсыну үшін тиісті аттестатқа ие сарапшылары бар аккредиттелген заңды тұлғаларды тартуға құқығы бар.

4. Ғимарат пен құрылыстың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау кезінде техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын тұлғалар тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) ұсыныстарын көрсете отырып, ғимараттар мен құрылыстардың жай-күйі туралы қорытынды береді.

5. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды, ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды орындауға арналған аттестатқа ие, құрамында кемінде үш сарапшысы, сондай-ақ конструктивтік бөлік мамандануы бойынша қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жасау бойынша аттестатқа ие бір сарапшысы, бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілердегі қызметті жүзеге асыратын инженер-геодезисі бар аккредиттелген заңды тұлғалар жүргізуге тиіс.

Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау сарапшысының аттестаты бар жеке тұлғалар қызметін үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде жеке жүзеге асырады.

Жеке тұлғалар және аккредиттелген заңды тұлғалар ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде өздерінің меншік немесе жалға алу құқығында әкімшілік-өндірістік базасы, салыстырып тексеру есептерін орындау үшін лицензиялық бағдарламалық қамтылыммен жарақтандырылған компьютерлері, өлшем және бақылау құралдары, нормативтік құжаттары және аккредиттелген (тартылған) зертханасы болуы міндетті.

6. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеуді сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

7. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау :

1) бұзылудың қауіптілігін білдіретін жауапты (тіреуіш) элементтері мен қосылулардың ақаулары мен бүлінулері, қолданылған құрылыс материалдарының сапалық көрсеткіштерге сәйкес келмейтіндігі анықталған;

2) өрттің және дүлей зілзаланың салдарлары;

3) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары нұсқама берген;  
4) ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік схемасы, өндіріс технологиялары өзгерістеріне байланысты бекітілген жобалық шешімдер өзгерген;  
5) ғимараттардың, құрылыстардың нормативтік пайдалану мерзімдері аяқталған;  
6) жөндеудің және реконструкциялаудың экономикалық тұрғыдан орындылығын а й қ ы н д а ғ а н ;

7) нормаланатын табиғи-климаттық әсер (қардың, желдің әсері) ұлғайған;  
8) ғимараттар мен құрылыстардың техникалық тұрғыдан пайдалану (тұрақты түрде) кезінде құрылыстардың техникалық тексеріп қарау мерзімдерінің басталуы;  
9) салынып жатқан объект құрылысын консервациялау не алты айдан астам м е р з і м г е т о қ т а т а тұ р ғ а н ;  
10) пайдаланып отырған үй-жай немесе құрылысты жаңғырту, реконструкциялау, қайта жарақтау, олардың нысаналы мақсаты өзгерген жағдайларда жүргізіледі.

8. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын тұлғалардың:

1) тиісті жұмыстарды орындау үшін салынып жатқан немесе салынған объектіге е р к і н к і р у і н е ;

2) тапсырыс берушіден техникалық зерттеп-қарау бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті барлық жобалау-техникалық және орындаушылық құжаттаманы алуына;

3) техникалық зерттеп-қарауды жүргізу үшін қажетті барлық жұмыстарды о р ы н д а у ы н а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

9. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын тұлғалар:

1) зерттеп-қарауды құрылыс материалдарының тіреуіштік қабілетінің есебі бойынша нормативтерді, нақты сапалық көрсеткіштерін және орындалған жобалық шешімдерді ескере отырып, анықталған ақауларды, жобалық шешімдердің өзгерістерін, ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйін айқындайтын қолданылған материалды, жекелеген конструктивтік элементтерді ескере отырып нормативтік құжаттамаларға, ұйымдық-технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкес қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

2) орындалатын зерттеп-қараудың түрлерінің нормативтік талаптарына сәйкес техникалық зерттеп-қарау жөніндегі жұмысты сапалы орындауды қамтамасыз етуге;

3) техникалық зерттеп-қарауды жүргізу кезінде аккредиттелген сынақ зертханасын (өзінің аккредиттелген зертханасы жоқ болған кезде) тартуға;

4) белгіленген тәртіппен салыстырып тексерілген және метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес келетін сынақ, өлшем және б а қ ы л а у қ ұ р а л д а р ы н қ о л д а н у ғ а ;

5) құрылыс алаңындағы топырақ жағдайларын ескере отырып ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялары мен элементтерінің нақты жай-күйінің негізінде

салыстырып тексеру есептеулерін орындауға міндетті.

10. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорын жағдайларында ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүргізген кезде, зерттеп-қарауды жүргізуді орындайтын сарапшылар осы объектіде қолданылатын техника қауіпсіздігінің арнайы қағидалары туралы нұсқау алуға тиіс.

11. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды орындайтын сарапшы жүргізілетін зерттеулердің сапасына, шығарылған шешімдердің дұрыстығына және әзірленген ұсынымдардың толықтығына жауапты болады. Сарапшылар (аккредиттелген ұйымдар) берген ұсынымдар олардың орындалу қорытындылары бойынша ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын қамтамасыз етуге тиіс.

12. Сарапшылардың техникалық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша барлық тұжырымдары мен нұсқаулары тапсырыс берушінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

13. Тапсырыс беруші техникалық зерттеп-қарау жүргізу үшін сарапшыға (сарапшыларға) ұсынылатын бастапқы деректердің, мұрағат материалдарының дұрыстығына жауапты болады.

14. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын тұлға міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) не өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының және нормативтік актілерінің талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.»;

25) 40-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік қала құрылысының кадастры сәулет, қала құрылысы және құрылыс істер жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілері жөніндегі ақпаратты жинаудың, өңдеудің, есепке алудың, тіркеудің, сақтау мен табыс етудің Қазақстан Республикасы үшін бірыңғай жүйесі бойынша жүргізіледі.

Объектілер мониторингі Мемлекеттік қала құрылысының кадастрында жүргізіледі.»

;

26) 42-баптың 2-тармағында:

2) тармақшадағы «өндірістік,» деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы «шектеу түрлерін;» деген сөздер «шектеу түрлерін қамтиды.» деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақша алып тасталсын;

27) 43-бапта:

тақырыбындағы «аймақаралық» деген сөз «өңіраралық» деген сөзбен ауыстырылып,

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Аумақты дамытудың өңіраралық схемалары Қазақстан Республикасының

аумағын ұйымдастырудың бас схемасына сәйкес әзірленеді, екі және одан көп облыстың (не олардың бөліктерінің), агломерациялардың, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын есепке алмай, әлеуметтік-экономикалық немесе экологиялық аудандардың аумақтарындағы өзара келісілген (шоғырландырылған) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі үшін қызмет етеді ж ә н е : » ;

3) тармақшадағы «өндірістік,» деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы «қорғау жөніндегі шараларды,» деген сөздер «қорғау жөніндегі шараларды айқындайды.» деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақша алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аумақты дамытудың өңіраралық схемасын Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і . » ;

2 8 ) 4 4 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жекелеген өңірлердің (облыстың немесе осы облыстың шекарасынан аумақтық тұрғыдан шықпайтын агломерациялар аумақтарын қоса алғанда, оның қандай да бір бөлігінің) аумақтарын ұйымдастыру (игеру, жайғастыру, құрылыс салу) аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы негізінде жүзеге асырылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

29) 46-баптың 3-тармағындағы «Аса ірі, ірі» деген сөздер «Ірі» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

30) 47-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Елді мекеннің бас жоспары жаңа бас жоспар бекітілгенге дейін не қолданылып жүрген бас жоспарға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде енгізілген өзгерістер бекітілгенге дейін қолданылады.»;

31) 48-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

32) 54-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Елді мекеннің шекарасы (шектері) шегіндегі ауыл шаруашылығына пайдаланылатын аймақтар ауыл шаруашылығын жүргізуге арналады және елді мекеннің бекітілген бас жоспарына сәйкес оларды пайдалану түрлері өзгерген кезге д е й і н п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н . » ;

3 3 ) 6 0 - б а п т а :

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

9-тармақтың бірінші бөлігіндегі «жобалау алдындағы және жобалау жұмыстарының талаптарымен және сатылары бойынша,» деген сөздер алып тасталсын;

34) мынадай мазмұндағы 60-1-баппен толықтырылсын:

«60-1-бап. Құрылыстағы баға белгілеу

1. Құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттар:

1) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері қаражаты есебінен объектілер құрылысын салуға арналған шығындарды жоспарлауды;

2) техникалық-экономикалық негіздемелердің дұрыстығын және мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері қаражаты есебінен салынатын объектілер құрылысының сметалық құнының айқындалуын қамтамасыз е т у г е т и і с .

2. Құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттардың ережелерін іске а с ы р у ж ө н і н д е г і ш а р а л а р :

1) экономикалық жағдайлардың дамуын ескере отырып қолданыстағы сметалық нормаларды т ал да у ды және жаңартуды;

2) құрылыс өндірісінің жаңа тиімді технологияларының сметалық нормаларын ә з і р л е у д і ;

3) құрылыс материалдарының, бұйымдардың, жабдықтың ағымдағы бағаларын мониторингтеу, өңдеу және талдау негізінде сметалық-нормативтік базаны жаңартуды қ а м т и д ы . » ;

35) 61-бап мынадай мазмұндағы 3, 4, 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Аумақтарды дамытудың және құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау жобалары бойынша кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу барысында Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қала құрылысы жобалары жөніндегі сараптама комиссиялары немесе мәслихаттар бекітетін қала құрылысы жобалары жөніндегі сараптама топтары орындайтын жұмыстардың құны сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен қағидаларға с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .

4. Қала құрылысы жобалары (аумақтарды дамыту мен құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау жобалары):

1) жалпымемлекеттік маңызы бар аумақтарды ұйымдастыру және дамытуды ж о с п а р л а у ж о б а л а р ы ;

2) өңірлік маңызы бар аумақтарды дамытудың қала құрылысын жоспарлау ж о б а л а р ы ;

3) қалаларды (олардың қала маңындағы аумақтарын қоса алғанда не оларсыз) және ауылдық елді мекендерді дамытудың және оларда құрылыс салудың қала құрылысын ж о с п а р л а у ж о б а л а р ы ;

4) елді мекендерден тыс орналасатын өндірістік кешендердің немесе жабық түрдегі өзге де объектілердің құрылысын салу үшін қонысаралық аумақтардың қала құрылысын игеру жобалары болып бөлінеді.

5. Жалпымемлекеттік маңызы бар қала құрылысы жобаларына:

1) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасы;

2) екі және одан да көп облыстардың (не олардың бөліктерінің), агломерациялардың



аумақтарын аумақтық дамытудың өңіраралық схемалары жатады.

6. Өңірлік маңызы бар қала құрылысын жоспарлаудың жобаларына:

- 1) облыстар аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары;
- 2) аудандар аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары жатады.

7. Елді мекендерді дамыту мен құрылыс салудың қала құрылысы жобаларына:

1) тұрғындарының есептік саны жүз мың адамнан асатын қалалардың бас жоспарлары ;

2) тұрғындарының саны жүз мың адамға дейінгі қалалардың бас жоспарлары;

3) тұрғындарының саны бес мың адамнан асатын елді мекендердің бас жоспарлары;

4) тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары – даму және құрылыс салу схемалары (халқының саны аз елді мекендердің бас жоспарларының оңайлатылған нұсқасы);

5) техникалық-экономикалық негіздемелердің құрамындағы ахуалдық жоспарларды және бас жоспарларды немесе ғимараттар мен құрылыстардың, олардың кешендерінің құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттаманы қоспағанда, қалалардың аумақтарының жекелеген бөліктерін қала құрылысы игеруінің жобалары (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары, өнеркәсіптік аймақты жоспарлау жобалары және қолданыстағы бас жоспардың туындысы болатын құрылыс салу жоспарлары) жатады.» ;

36) 62-баптың 4-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;  
37) 64 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Аумақтардың қала құрылысын жоспарлау саласындағы жобаларға кешенді қала құрылысы сараптамасын сараптама комиссиялары немесе сараптама топтары жүргізеді, олардың құрамына жобалардың тиісті бөлімдері (бөліктері) бойынша аттестатталған сарапшылар кіреді. Бұл ретте кешенді қала құрылысы сараптамасына кеңесшілер ретінде жобалау ұйымдарының, мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттарының мамандары тартылуы мүмкін.» ;

2-тармақтың 2) тармақшасындағы «жобалау-сметалық құжаттама жатады.» деген сөздер «жобалау-сметалық құжаттама;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) осы баптың 4-тармағында келтірілген техникалық жағынан күрделі емес объектілер құрылысының жобаларын қоспағанда, бюджет қаражатының немесе мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандарының қатысуынсыз қаржыландырылатын объектілердің құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттама жатады.» ;

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

38) 64-2-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қаржыландыру көзіне қарамастан, мемлекеттік сараптама ұйымы салалық

сараптамалардың қатысуымен орындайтын сараптама жұмыстарының құны сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен объектілердің құрылысы жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес белгіленеді.

3. Аккредиттелген сараптама ұйымдары салалық сараптамалардың қатысуымен орындайтын сараптама жұмыстарының құны тапсырыс беруші мен сараптамалық ұйымның арасында жасалған шартқа сәйкес белгіленеді.

Мемлекеттік сатып алулар шеңберінде орындалатын шарттар бойынша сараптама жұмыстарының құны сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен объектілердің құрылысы жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес белгіленетін құннан төмен болмауға тиіс.»;

39) 64-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік монополияға:

1) бюджет қаражаты есебінен немесе мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандарының қатысуымен қаржыландырылатын жаңа объектілерді салу немесе қазіргі барларын өзгерту;

2) мемлекеттік инвестициялардың қатысуынсыз қаржыландырылатын ықтимал қауіпті жаңа өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді, олардың кешендерін, инженерлік және көліктік коммуникацияларын салу немесе қазіргі барларын өзгерту үшін құрылыс салу жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптама жатады.»;

40) 64-5-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

41) 65-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Техникалық жағынан күрделі объектілердің құрылысын, оның ішінде бірегей объектілердің құрылысын және ірі инвестициялық жобалардың құрылысын салу үшін жобаның (бағдарламаның) тапсырыс берушісі (инвесторы) жобаны басқару жөніндегі инжинирингтік ұйымдарды тарта алады.

Объектілер құрылысын салу үшін жобаны басқару жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсету тәртібін және жобаны басқару жөніндегі қызметтер көрсететін ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.»;

42) 68-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«68-бап. Құрылыс процесіне қойылатын негізгі талаптар

1. Құрылыс процесінің тиісті кезеңдерінде осы бапта белгіленген рәсімдер орындалуға және талаптар сақталуға тиіс.

2. Объект құрылысын жүзеге асыруға ниеті бар тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес аудандардың (қалалардың) жергілікті

атқарушы органдарынан жерге тиісті құқық беру туралы шешімді алуға міндетті. Бұл қағидаға тапсырыс берушіге меншік құқығымен тиесілі жеке үй жанындағы, саяжай, бау-бақша учаскелеріне уақытша құрылыстар, шаруашылық-тұрмыстық қора-қопсы және абаттандыру элементтерін, сондай-ақ тапсырыс беруші жер пайдалану құқығымен пайдаланатын учаскелерде (аумақтарда) маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрғын және тұрмыстық үй-жайлар салу қосылмайды.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті құқық (жер пайдалану не жеке меншік құқығы) берілген жерлерде ғана жол беріледі.

3. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығы мұқтаждары, қосалқы орман пайдалану үшін орман ресурстары өзіне ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде, сондай-ақ туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар мен мемлекеттік табиғи резерваттардың ұзақ мерзімді пайдалануға берілген учаскелерінде объектілер салуды жүзеге асыру ниеті бар тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының орман заңнамасына және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жер учаскесін құрылыс салу үшін пайдалануға рұқсат алады.

4. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының жерге тиісті құқық беру туралы шешімінің қабылданған күнінен бастап құрылыс басталғанға дейінгі қолданылу мерзімі жобалаудың және белгіленген тәртіппен жобаны бекітудің нормативтік ұзақтығы ескеріле отырып Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес белгіленеді және рұқсат құжатында көрсетіледі.

5. Жерге тиісті құқық беру туралы оң шешім мүмкін болмаған жағдайларда, аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өтініш берілген кезден бастап он күн ішінде өтініш берушіге (тапсырыс берушіге) оның сол құрылысты жүзеге асыру ниетіне қайшы келетін Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормаларын (ережелерді, талаптарды, шектеулерді, сервитуттарды) көрсете отырып, уәжді бастартумен жауап қайтаруға міндетті.

6. Жерге тиісті құқық беру туралы аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі, сондай-ақ орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның рұқсаты тапсырыс берушінің белгіленген объектіні жобалауға тапсырмасын жасау үшін негіз болып табылады.

Жобалауға арналған тапсырманы тапсырыс беруші не оның уәкілетті адамы (құрылыс салушы) жасайды және оны тапсырыс беруші бекітеді.

Жобалауға арналған тапсырма жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі тапсырысты орындауға арналған шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Жобалауға арналған тапсырма объектінің талап етілетін параметрлерін, өзге де бастапқы деректерді қамтуға тиіс.

7. Көзделіп отырған құрылыс ауданында инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсетушілер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сұратуы бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен объектінің құрылысы және кейіннен пайдалануға берілгенде оның орнықты жұмыс істеуі үшін талап етілетін, сұратылып отырған (есептемелік) параметрлерінде инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық шарттарды ұсынады.

Берілген техникалық шарттар тұтынушының жазбаша өтініш (өтінім, арыз) беруі арқылы олардың қолданыстағы мерзімі ішінде жаңа техникалық шарттарға өзгертілуі мүмкін.

8. Құрылыс объектісін инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсетушілердің техникалық шарттар берілген кезде инженерлік (коммуналдық) инфрақұрылым объектілерін кеңейтуге (реконструкциялауға, жаңғыртуға, техникамен қайта жарақтандыруға) тапсырыс берушінің қатысуы (үлестік қатысуы) туралы негізсіз талаптар белгілеуіне жол берілмейді.

Белгілі бір елді мекен немесе құрылыс ауданының инженерлік (коммуналдық) инфрақұрылымын қамтамасыз етудің сол кездегі деңгейі тапсырыс беруші сұратқан параметрлерде қызметтер көрсетуге мүмкіндік бермеген жағдайда, қосылатын абоненттердің қосымша жүктемелерін жабуға арналған инфрақұрылым объектілерін кеңейтуге (реконструкциялауға, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға) байланысты шығындар туралы мәселелер жеткізіп берушілер (өндірушілер) мен тапсырыс беруші (тұтынушы) арасында шарт және қайтарымдылық негіздерінде шешілуге тиіс.

9. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары жерге тиісті құқық беру туралы шешім, инженерлік қамтамасыз ету және коммуналдық қызмет көрсету көздеріне қосу үшін техникалық шарттарды жобалаудың бекітілген тапсырмасы және басқа да бастапқы материалдар (деректер) негізінде тапсырыс берушіге сәулет-жоспарлау тапсырмасын береді.

10. Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру үшін қажетті бастапқы материалдардың құрамы мен көлемі мемлекеттік нормативтік құжаттармен белгіленеді.

Жаңа объект салу немесе қазіргі бар объектіні реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, жаңғырту, қалпына келтіру) үшін жер учаскесін бөліп беру (телім беру) талап етілмейтін жағдайларда, сондай-ақ бұл мақсаттар үшін инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосу қажет болмаса, сәулет-жоспарлау тапсырмасында тиісті жазба жасалады.

11. Жобалауға арналған тапсырмаға, сәулет-жоспарлау тапсырмасына және өзге де бастапқы материалдарға сәйкес әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы мемлекеттік нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келісуден, ведомстводан тыс кешенді сараптамадан және бекітуден өтеді.

Құжаттамаға сараптама осы Заңның 9-1-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

12. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін тапсырыс беруші мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдарға «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабар беруге міндетті.

Бұл ретте жобалаушы техникалық жағынан күрделі емес объектілерді энергиямен жабдықтау желілеріне қосу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы хабар беруге құқылы.

13. Құрылыс процесі осы Заңның 6-тарауының нормаларына сәйкес сәулет-құрылыс бақылауында және қадағалауында болады.

14. Құрылысы аяқталған объект осы Заңның 11-тарауының нормаларына сәйкес пайдалануға қабылдануға тиіс.

Салынған объектіні пайдалануға қабылдаудың белгіленген тәртіппен бекітілген актісі жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркейтін мемлекеттік органда объектіні тіркеу үшін негіз болып табылады.

15. Жаңа объектілер салуға және қазіргі бар объектілерді өзгертуге қажетті құжаттарды ресімдеу мен берудің тәртібі, мерзімдері құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында белгіленеді.»;

4 3 ) 7 4 - б а п т а :

1-тармақтың 8) тармақшасындағы «жүзеге асыруға құқылы» деген сөздер «жүзеге асырады» деген сөздермен ауыстырылып, 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес объектілерді өз бетінше қабылдауды, атап айтқанда:» ;

4-тармақтағы «сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласындағы басшылықты жүзеге асыратын» деген сөздер «сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда өз бетінше міндетті тіркеуге жатады.».

6. «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21

шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат):

1) 8-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;  
2) 9 - бапта:

11) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 19-1), 19-2) 19-3) 19-4) және 19-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«19-1) астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, жөндеуге жататын көп пәтерлі тұрғын үйлердің тізбесін айқындайды;

19-2) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша құрылған, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалардың арасынан астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуді ұйымдастыратын уәкілетті ұйымды айқындайды;

19-3) астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, астананың көп пәтерлі тұрғын үйлерін жөндеуді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;

19-4) астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуге байланысты үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне шығыстарды өтеу қағидаларын бекітеді;

19-5) астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуге байланысты үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне шығыстарды уәкілетті ұйым арқылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен толық өтеуді жүзеге асырады;»;

3) 12-бап мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беру мақсатында жергілікті атқарушы орган көп пәтерлі тұрғын үйлерге техникалық зерттеп-қарауды жүргізеді.

Техникалық зерттеп-қарау актілерінің негізінде астананың жергілікті атқарушы органы астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, жөндеуге жататын үйлердің тізбесін айқындайды.

Астананың жергілікті атқарушы органы үйлердің тізбесін айқындағаннан кейін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жиналысы:

уәкілетті ұйымды тарта отырып, астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған жөндеуді жүргізу туралы; мердігер ұйымды таңдау туралы;

астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуге байланысты шығыстарды толық өтеу жөніндегі өтінішті кондоминиум объектілерін басқару органы арқылы беру туралы шешім қабылдайды.

Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналысы шешімінің негізінде

кондоминиум объектісін басқару органы уәкілетті ұйыммен жөндеуді жүргізуді ұйымдастыруға арналған шарт жасасады.

Кондоминиум объектісін басқару органымен жасасқан шарт және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналысы шешімінің негізінде уәкілетті ұйым мердігер ұйыммен шарт жасасады.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін уәкілетті ұйым кондоминиум объектісін басқару органымен бірге мердігер ұйымнан жұмыстардың нәтижелерін қабылдайды.

Кондоминиум объектісін басқару органы үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналысы шешімінің негізінде астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуге байланысты шығыстарды үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне толық өтеу туралы өтінішпен жергілікті атқарушы органға жүгінеді.

Уәкілетті ұйым мердігер ұйымға орындалған жұмыстарының көлемі үшін ақы төлеуді астананың жергілікті атқарушы органынан алған және көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуге байланысты шығыстарды үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне толық өтеуге арналған қаражат есебінен жүзеге асырады.

5. Астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін уәкілетті ұйымға:

1) астанаға бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуді ұйымдастыру;

2) мыналармен:

кондоминиум объектісін басқару органымен;  
мердігер ұйыммен шарттар жасасу;

3) орындалған жұмыстарға ақы төлеу;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне қатысты мердігер ұйымдардың орындайтын жұмыстарына мониторинг және бақылау жасау өкілеттіктері берілген.»

7. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат):

134-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) экономика, құрылыстағы баға белгілеу және басқару саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;».

8. «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж.,

№ 7, 36-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1  
, 2 - құ ж а т ; № 15 , 78 - құ ж а т ) :  
1 ) 73 - б а п т а :

- 1-тармақтың б) тармақшасы алып тасталсын;  
3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;  
2) 78-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«78-бап. Қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу

1. Екі және одан да көп облыстың шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ стратегиялық объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасы Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторымен немесе оның орынбасарларымен келісіледі.

Өзге де қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторымен немесе оның орынбасарларымен келісіледі.

2. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым басшысы жобалау құжаттамасын келісу ү ш і н :

- 1) жобалау құжаттамасын келісуге жіберу туралы өтінішті;  
2) жобалау құжаттамасының көшірмесін ұсынады.

Келісу тәртібі қаржыландыру көздеріне қарамастан жаңа ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ олардың қазіргі барларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық тұрғыдан қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу қағидаларында ай қ ы н д а л а д ы .

3. Келісу туралы оң шешім немесе оны келісуден уәжді бас тарту Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті жиынтық сараптамалық қорытындыға енгізіледі.

4. Жобалау құжаттамасына өзгерістер енгізілген кезде қайтадан келісу жүргізу м і н д е т т і . » .

9. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат):

2-қосымша мынадай мазмұндағы 347-1, 347-2 және 347-3-жолдармен



Т О Л Ы Қ Т Ы Р Ы Л С Ы Н :

«

347-1.	Құрылыс және жобалау ұйымдарындағы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу	Аккредиттеу туралы куәлік	Рұқсаттың қолданылу мерзімі 2 жыл; конкурстық рәсім қолдануға келеді
347-2.	Тапсырыс беруші функцияларын жүзеге асыру және құрылыс объектілерін өткізу үшін құрылыс жобаларын басқару жөніндегі инжинирингтік компанияларды аккредиттеу	Аккредиттеу туралы куәлік	Рұқсаттың қолданылу мерзімі 2 жыл; конкурстық рәсім қолдануға келеді
347-3.	Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу	Аккредиттеу туралы куәлік	Рұқсаттың қолданылу мерзімі 2 жыл; конкурстық рәсім қолдануға келеді

».

10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат):

1-баптың 38-тармағының 24) және 26) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«24) 73-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«73-бап. Объектілерді пайдалануға қабылдау және беру тәртібіне қойылатын жалпы т а л а п т а р

1. Салынған объектілерді қабылдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және осы Заңмен реттеледі.

2. Тапсырыс беруші салынған объектіні пайдалануға қабылдау мен беруді бекітілген жобаға сәйкес ол толық әзір болған және сәйкестік туралы декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар болған кезде жүргізеді.

Бұл ретте салынған объектінің толық дайындығы құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласындағы рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларына сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

Осы Заңның 74-бабында көзделген жекелеген жағдайларда, салынған объектіні пайдалануға қабылдауды меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) ө з б е т і н ш е жү р г і з е д і .

3. Құрылысы аяқталмаған объектілерді пайдалануға қабылдау және беру кезінде құрылысқа қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ж а у а п т ы л ы қ т а б о л а д ы .

4. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актімен ресімделеді.

Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітілуге жатады.

Қабылдау актісін бекітуді тапсырыс беруші жүргізеді.

Тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдау актісін бекіткен күн объектінің пайдалануға берілген күні деп есептеледі.

5. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкестік туралы декларацияның және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі мен құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылардың негізінде тапсырыс беруші, мердігер (бас мердігер), техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын адамдар қол қояды.

Объект бұзушылықтармен және құрылыстағы шалағайлықтармен пайдалануға қабылданған жағдайда, объектіні пайдалануға қабылдауға қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

6. Объектіні пайдалануға қабылдауға қатысушылардың міндеттеріне:

1) құрылысы аяқталған объектінің дайындығын анықтау және құжаттамалық растау

;

2) орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының және монтаждалған технологиялық, инженерлік немесе өзге де жабдықтың белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына, нормативтік талаптарға (шарттарға, шектеулерге) сәйкестігін бағалау;

3) жұмыстарды орындаушының бекітілген жобаның нормативтік талаптарын сақтау бойынша не ауытқулардың бар-жоғы бойынша іс-қимылын белгілеу және оларды мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртіппен келісу;

4) объектінің қолданысқа енгізілетін қуатының (сыйымдылығының, өткізу қабілетінің) жобада бекітілген көрсеткіштерге сәйкестігін белгілеу;

5) сәулет-құрылыс, инженерлік және технологиялық шешімдердің, сондай-ақ тұтастай объектінің прогрессивтілігін бағалау;

6) монтаждалған технологиялық жабдық пен инженерлік жүйелерді бақылап сынамалау мен сынақтар жүргізу;

7) объект пайдалануға жарамсыз болған жағдайда, тапсырыс берушіге тиісті уәжді қорытынды беру кіреді.

7. Объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі болмаса салынған объектіні пайдалануға жол берілмейді.

8. Тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінде тіркелген, объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органда объектіні тіркеу үшін негіз болып табылады.» ;

«26) 75-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«75-бап. Объектілерді пайдалануға қабылдау тәртібі

1. Мердігерден (бас мердігерден) объектіні қабылдауды техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп тапсырыс беруші жүзеге асырады.

2. Мердігерден (бас мердігерден) объектінің пайдалануға қабылдауға дайындығы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады.

3. Мердігерден (бас мердігерден) объектінің дайындығы туралы хабарлама алған күннен бастап тапсырыс беруші мердігерден (бас мердігерден) және техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды сұратады.

Мердігер (бас мердігер) мен техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалар тапсырыс берушіден сұратуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды не теріс қорытындыларды ұсынады.

Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы авторлық қадағалау қорытындысы егер бұл қолданыстағы нормалар мен қағидаларға қайшы келмесе, өнім берушілердің инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша объектіні жобалау кезінде бұрын берілген техникалық шарттарға сәйкес олар көрсететін қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етуі үшін негіз болады.

4. Тапсырыс беруші сәйкестік туралы декларацияның, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың негізінде мердігермен (бас мердігермен), техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалармен бірлесіп, атқарушылық техникалық құжаттаманың бар-жоғы және жинақталымы тұрғысынан тексеруге, объектіні қарап-тексеруге және оны тиісті акт бойынша пайдалануға қабылдауға міндетті.

5. Бекітілген жобалық шешімдерді және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерді бұзушылықтар анықталған жағдайда, сондай-ақ теріс қорытындылар болған кезде тапсырыс беруші объектіні мердігер (бас мердігер) бұзушылықтарды жойғаннан кейін пайдалануға қабылдайды.

Анықталған бұзушылықтар жойылған кезде объектіні пайдалануға қабылдау осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Тапсырыс берушіге жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды ұсыну – жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігерлікті орындаушылардан, техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан объектіні жобалау, салу, пайдалануға қабылдау және беру кезінде орындаған жұмыстары үшін жауаптылықтан

б о с а т п а й д ы . » .

**2-бап.** Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 3), 6) тармақшаларын, 7) тармақшасының төртінші абзацын және 8) тармақшасын, 5-тармағы 7) тармақшасының жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші және отыз төртінші абзацтарын, 10) тармақшасының он екінші абзацын, 11) тармақшасының тоғызыншы абзацын, 21), 23) және 24) тармақшаларын, 9-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК